

Қазақстан Республикасының
білім және ғылым министрлігі

Министерство образования и науки
Республики Казахстан

І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті

Жетысуский
университет им.И.Жансугурова

«08» қырғаш 2024ж.

№ 1 хаттама

ХАТТАМА ШЕШІМ

Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес
отырысы

Төраға – А.К.Катенов

Хатшы – Т.А.Ашир

Қатысқандар: 12 адам (тізім тіркелген)

Күн тәртібінде:

1. «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес» құрамын бекіту.
2. Академиялық адалдық принциптерін түсіндіру.
3. Университет жатақханасына білімгерлерді орналастыру.
4. Әр түрлі.

1. **1. ТЫҢДАЛДЫ: Б.А.Сериев:** Сәлметсіздер ме құрметті әріптестер! Біздің президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуы және мәдени этиканы қалыптастыруы туралы талқыланды. Осы айтылған мәліметтердің мақсатында бүгін университеттің Ректордың бұйрығымен арнайы «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес» комиссия құрамы құрылды: Катенов Амангельды Камалович – ГФ, т.ғ.к., оқытушы - дәріскер – комиссия төрағасы, Сериев Болат Абдулдаұлы з.ғ.к., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор – төраға орынбасары, Ансабаев Дүйсен Сандыбаевич - ГФ, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) – комиссия мүшесі, Смагулов Есенғали Жексембаевич - ФМФ, п.ғ.д., профессор – комиссия мүшесі, Наубаева Хапиза Танирбергеновна – ППФ, псгд, қауымдастырылған профессор (доцент) – комиссия мүшесі, Таубалдиева Жуматай – ДӨФ, п.ғ.к.,қауымдастырылған профессор (доцент) – комиссия мүшесі, Молдабеков Болат Есенғалиевич – ҚЭФ, оқытушы-дәріскер, - комиссия мүшесі, Канагатов Жамбыл Жолдыбаевич – ТФ, б.ғ.к., оқытушы -дәріскер, - комиссия мүшесі, Бабаш Диас Бекмұкамбетұлы – ҚЭФ, докторант 1 курс –

комиссия мүшесі, Койчубеков Нуржан Абдыгалиевич – ЖТФ, Қоқ-211 тобы білімгері – комиссия мүшесі, Исламжанова Гульнура Балабековна – Жастар саясаты бөлімі психологы – комиссия мүшесі. Келесі біздің комиссия төрағасына сөз берейік.

А.К.Катенов: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2024-2025 оқу жылына «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің» жұмыс жоспарына байланысты Академиялық адалдық принциптерін түсіндіру сұрағын қарастырайық.

Ғ.Турыспаевна: Қайырлы күн құрметті әріптестер! Қазан айында «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ-да Академиялық адалдық саясаты бекітілді. Академиялық адалдық — оқытудың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда, сондай-ақ олардың нәтижелерін бағалауда жеке адалдық жағдайын дамытатын құндылықтардың, қағидаттар мен ережелердің жиынтығы.

Бұл оқу процесіне қатысушылардың кәсіби міндеттерін орындау, емтихандар тапсыру, тест, эссе, зерттеулер, презентациялар және басқа да оқу іс-әрекеттері кезіндегі лайықты академиялық мінез-құлқы.

Академиялық адалдық саясатының бұзуы бірі ол плагиат. Қазір өте жиі қолданылатын плагиаттың жаңа түрі пайда болды, яғни жасанды интеллект (Chat GPT) арқылы көшірімдер. Олар диссертация, диссертация, эссе және басқалар. Дегенімен біз жасанды интеллекті қолдануға тиым сала алмаймыз сол үшін біздің міндетіміз оқытушыларға жасанды интеллекті қалай дұрыс қолдануды үйрету керекпіз.

Е.Ж.Смагулов: Біздің университетте студенттердің сабақты бос өткізу нормативі белгіленген бе?

Ғ.Турыспаевна: Иә, Академиялық адалдық саясатына сәйкес норматив белгіленген. Егер студенттердің 30 академиялық сағатты бос жіберіп алған жағдайда, оқудан шығарулы болады.

Г.Б.Исламжанова: chat GPT көмегімен жасалған мәтіннің қанша пайызын студенттер өз жұмыстарында пайдалана алады?

Ғ.Турыспаевна: Иә, студенттерге синонимдерді табу үшін chat GPT пайдалануға рұқсат етіледі сонымен қатар chat GPT-на міндетті түрде сілтеме жасай отырып, шығармашылық мәтіндер жазуға болады.

А.К.Катенов: Көп рахмет, Ғалия Турыспаевна! Ал енді жоспарымыздың келесі сұрағына өтсек, университет жатақханасына білімгерлерді орналастыру туралы.

Б.Ш.Гусенов: «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ-да 3 жатақханаамыз бар. Жалпы төсек-орын саны – 956, өтініштер саны (студенттер/колледж) – 956, орналасқан білімгерлер саны(студенттер/колледж) – 721, өз еркінмен бас тартқан студенттердің саны – 78, келіп орналаспаған студенттер саны – 89, оқудан шыққан бұйрық негізінде шығарылған студенттердің саны – 12, жатақхананың ішкі тәртібін бұзған үшін шығарылған студенттердің саны – 56.

Д.С.Ансабаев: Студенттерді жатақханаға орналастыру бойынша барлық өтінімдер өңделді ме?

Б.Ш.Гусенов: Қазіргі уақытта электрондық базаға келіп түскен барлық өтінімдер өңделді.

А.К.Катенов: Бүгінгі уақытқа дейін жалпы жатақхананың тәртібін бұзған үшін шығарылған студенттердің саны неше?

Б.Ш.Гусенов: Оқудан шыққан бұйрық негізінде шығарылған студенттердің саны – 12, жатақхананың ішкі тәртібін бұзған үшін шығарылған студенттердің саны – 56.

С.И.Мурыйгина: Smart Zhetysu жүйесі арқылы студенттерді қоныстандыру процесі толық автоматтандырылды және әрбір комендантта студенттердің қоныстануы, көші-қонды белгілеуі, сонымен қатар жатақхананың ішкі тәртібін бұзушылықтары мен оқудан шығып қалуын тіркеу үшін цифрлық платформа құрылды.

А.К.Катенов: Енді бүгінгі жиналысымызды қортындылай кетсек, ең алғаш «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес» құрамының жиналысымен құтықтаймын, әрі қарай осы алдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарларымыз іске асырылады деген ойдамын. Сонымен қатар Академиялық адалдық принциптеріне қатысты жоспары іске асырылсын, осыған байланысты кеңес мүшелері осы айда Наубаева Хапиза Танирбергеновна мен Таубалдиева Жуматай жаратылыстану – техникалық факультетіне Академиялық адалдық принциптерінің сақталу мақсатында жіберілсін деп шешіп отырмыз.

Шешімі:

1. «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес» құрамы құрылсын.
2. Академиялық адалдық принциптерін түсіндіру жоспары әрі қарай жалғастырылсын.
3. Университет жатақханасына білімгерлерді орналастыру мәселесіне он баға берілсін.
4. Кеңес мүшелері Наубаева Хапиза Танирбергеновна мен Таубалдиева Жуматай кеңес шешімімен бір ай ішінде жаратылыстану – техникалық факультетіне Академиялық адалдық принциптерінің сақталуын бақылауға жіберілсін.

Комиссия төрағасы



Катенов А. К.

(өз қолымен)



Хатшы



Ашир Т. А.

(өз қолымен)

Қатысу парағы

№	АТЖ	Қолы
1	Катенов Амангельды Камалович	
2	Сериев Болат Абдулдаұлы	
3	Ансабаев Дүйсен Сандыбаевич	
4	Смагулов Есенгали Жексембаевич	
5	Наубаева Хапиза Танирбергеновна	
6	Таубалдиева Жуматай	
7	Молдабеков Болат Есенгалиевич	
8	Канагатов Жамбыл Жолдыбаевич	
9	Бабаш Диас Бекмұқамбетұлы	
10	Койчубеков Нуржан Абдыгалиевич	
11	Исламжанова Гульнура Балабековна	